

Қазақстан Республикасында телевизиялық және (немесе) радио хабарларын тарату құқығын алуға конкурс өткізудің Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің 2002 жылғы 12 ақпандағы N 32 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 14 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 1751. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2012 жылғы 31 мамырдағы № 75 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 2012.05.31 № 75 бұйрығымен.

Ескерту. Атауына өзгерту енгізілді - ҚР Байланыс және ақпарат министрінің 2010.09.27 N 251 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Жерүсті телерадио хабарларын тарату жұмысы үшін бөлінген шектеулі мемлекеттік ресурс-радиожиілік спектрін тиімді пайдалануды арттыру, телерадиобағдарламаларға деген халықтың сұранысын барынша толық қанағаттандыру және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 ақпандағы "Қазақстан Республикасында жерүсті телерадио хабарларын тарату құқығын алуға конкурс өткізу жөніндегі Комиссияны құру туралы" N 203 қаулысының 2-тармағын орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында телевизиялық және (немесе) радио хабарларын тарату құқығын алуға конкурс өткізу Ережесі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Байланыс және ақпарат министрінің 2010.09.27 N 251 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетіне жүктелсін.

Ескерту: 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрінің 2005 жылғы 10 қарашадағы N 286 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз), 2009.05.18. N 69 Бұйрықтарымен.

Мәдениет, ақпарат
және қоғамдық келісім
министрінің міндетін атқарушы

К е л і с і л д і
к о м м у н и к а ц и я

Көлік және
бірінші вице-министрі
Қазақстан Республикасының
Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім министрінің
2002 жылғы 12 ақпандағы
N 32 бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасында телевизиялық және (немесе) радио хабарларын тарату құқығын алуға конкурс өткізу Ережесі

Ескерту. Ереженің атауында және бүкіл мәтін бойынша «жерүсті телерадио хабарларын тарату» сөздері «телевизиялық және (немесе) радио хабарларын тарату» сөздерімен ауыстырылды - ҚР Байланыс және ақпарат министрінің 2010.09.27 N 251 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже телевизиялық және (немесе) радио хабарларын тарату құқығын алуға конкурс (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңының 4-3-бабының 3)-тармақшасына сәйкес әзірленді және конкурс өткізудің шарттарын және оған жеке және заңды тұлғалардың қатысуын айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Байланыс және ақпарат министрінің 2010.09.27 N 251 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

2. Конкурс өткізу туралы шешімді Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитеті (бұдан әрі - уәкілетті орган) қ а б ы л д а й д ы .

Жеке және заңды тұлғалардың (бұдан әрі – Үміткер) конкурсқа қатысу туралы өтінімдерін қарауды және жеңімпазды айқындау бойынша шешім қабылдауды Қазақстан Республикасының Үкіметі құрған Қазақстан Республикасында телевизиялық және (немесе) радио хабарларын тарату құқығын алуға конкурс өткізу жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) жүзеге асырады.

Ескерту: 2-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрінің 2005 жылғы 10 қарашадағы N 286 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз), өзгерту енгізілді - ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 2009.05.18. N 69, ҚР Байланыс және ақпарат министрінің 2010.09.27 N 251 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Бұйрықтарымен.

2. Конкурсты өткізуге дайындық

3. Уәкілетті орган конкурсты өткізудің ұйымдастырушысы болып саналады.

4. Конкурсты өткізу мерзімі мен шарты туралы ақпараттық хабарламалар оны өткізу күніне дейін отыз күнтізбелік күн бұрын бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

Ақпараттық хабарлама мынадай мәліметтер береді:

- 1) конкурстың өту уақыты, мерзімі мен орны;
- 2) телевизиялық және (немесе) радио хабарларын таратуды ұйымдастыру үшін бөлінген радиожилік номиналдары және елді мекендер/аймақтардың атаулары көрсетілген оның шарттары туралы мәліметтер;
- 3) өтініштерді қабылдау және құжаттарды алу орны, жиіліктің нақты номиналдарын пайдалану жөніндегі шығармашылық, техникалық, қаржылық және өзге де талаптар, конкурс жайлы басқа да мәліметтер, өтініштерді қабылдау мерзімі және конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар тізбесі;
- 4) Алынып тасталды - ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 2009.05.18. N 69 Бұйрығымен.
- 5) Алынып тасталды - ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 2009.05.18. N 69 Бұйрығымен.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 2009.05.18. N 69 Бұйрығымен.

5. Алынып тасталды - ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 2009.05.18. N 69 Бұйрығымен.

3. Конкурсты өткізу шарттары және оған қатысудың тәртібі

Ескерту: 3-бөлім (6-21-тармақтар) жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрінің 2005 жылғы 10 қарашадағы N 286 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз).

6. Конкурсқа қатысуға уақытында өтініш беріп, осы Ережеге сәйкес рәсімделген құжаттарды ұсынған Үміткерлер жіберіледі.

7. Үміткердің конкурсқа қатысуға берген өтінішінде осы Ережеде белгіленген және конкурсты өткізу туралы жарияланған ақпараттық хабарламаларда келтірілген шарттар бойынша ниеті білдіріледі. Құжаттары қоса тіркелген өтініштер ақпараттық хабарламалар жарияланған күннен бастап қабылданып, конкурстың басталуына он күн қалғанда аяқталады.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 2009.05.18. N 69 Бұйрығымен.

8. Конкурс Үміткерлері конкурс шарттарының барлық тармақтары бойынша түсініктеме алу үшін Комиссияның жұмысшы органына Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетіне өтініш ж а с а й д ы .

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Байланыс және ақпарат министрінің 2010.09.27 N 251 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

9. Конкурсқа қатысуға өтініштерді қабылдау аяқталғанша Үміткер өзінің тіркелген өтінішін Комиссияға осы хабарламаның көшірмесін жібере отырып, уәкілетті органды жазбаша құлағдар ету жолымен кері қайтарып алуына құқы бар.

10. Конкурсқа қатысуға өтінішті Үміткердің өкілі берген жағдайда, ол Үміткердің атынан іс-қимыл жасауға құқық беретін тиісінше рәсімделген сенімхатты көрсетуі керек.

11. Конкурссты өткізу туралы ақпараттық хабарламада көрсетілген мерзімнен кейін келіп түскен өтініш пен құжаттар қабылданбайды. Құжаттарды қабылдауға жауапты адам ұсынылған құжаттарға өтінішті қабылдамау себебін жаза отырып қайтарады.

12. Үміткер конкурсқа қатысуға мына жағдайларда жіберілмейді:

1) ұсынылған құжаттар осы Ережеде қарастырылған талаптарға жауап бере а л м а с а ;

2) өтінішті Үміткердің атынан іс-қимыл жасауға өкілділігі жоқ адам өткізсе.

Аталған негіздер Үміткерді конкурсқа қатысуға жібермеудің себептері болып саналады.

13. Уәкілетті орган Үміткерлердің конкурсқа қатысу үшін берген өтініштерінің және оған қоса ұсынылған құжаттардың, сондай-ақ өтініш иелері туралы құпиялардың және олар ұсынған құжаттардың мазмұнының сақталуы жөніндегі барлық шараларды қолданады.

14. Конкурсқа қатысу кезінде Үміткер мына құжаттарды ұсынады:

1) өтінім әрбір радиожилік бойынша жеке ұсынылады (1-қосымша);
2) Үміткердің (қосымша 2) қолы қойылған шығармашылық, техникалық, қаржылық және өзге де талаптарды орындау жөніндегі міндеттемелерді;

3) белгіленген тәртіппен расталған мына құжаттардың көшірмелерін: жеке тұлға үшін - жеке басын куәландыратын және кәсіпкерлік қызметпен айналысу құқығын растайтын құжаттар; заңды тұлға үшін - мемлекеттік тіркеу туралы (қайта тіркеу) куәлік, құрылтай құжаттары.

Осы Ереженің 14-тармағында көрсетілген құжаттар уәкілетті органға желімделген конвертте тігілген түрде, нөмірленген беттерімен және соңғы беті оның қолымен және мөрімен (жеке тұлға үшін егер осындай болса) расталып ұсынылады.

Үміткер басқа ұсыныстар береді.

Ескерту. 14-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 2009.05.18. N 69, ҚР Байланыс және ақпарат министрінің 2010.09.27 N 251 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Бұйрықтарымен.

15. Комиссия өтінімдер және өзге құжаттар салынған конверттерді конкурсты өткізу жөніндегі ақпараттық хабарламада көрсетілген жерде және мерзімде, конкурсқа қатысушылардың немесе олардың өкілдерінің қатысуымен ашады.

Конкурсқа қатысатын өтінімдер салынған конверттерді ашқан күні Комиссияның жұмыс органы конверттерді ашу хаттамасын дайындайды.

Конверттерді ашу хаттамасына төраға және қатысқан барлық Комиссия мүшелері, сондай-ақ хатшы қол қояды.

Ескерту. 15-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Байланыс және ақпарат министрінің 2010.09.27 N 251 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

16. Комиссия өтінімдерді және өзге құжаттарды конверттерді ашқан күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей қарайды және конкурстың қорытындыларын жасайды.

17. Конверттерді ашқаннан кейін бес жұмыс күнінің ішінде сараптамалық қорытынды дайындайды.

Мамандар Үміткерлер ұсынған қызметтердің конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкестігі мәніне сараптамалық қорытынды береді және олардың конкурстық комиссия шешім қабылдаған кезде дауыс беру құқығы болмайды. Сараптамалық қорытынды жазбаша түрде ресімделеді және оған мамандардың қолдары қойылады.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Байланыс және ақпарат министрінің 2010.09.27 N 251 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

18. Үміткерлердің өтінімдерін қарау, сондай-ақ конкурстың жеңімпазын анықтау конкурсты өткізу туралы ақпараттық хабарламада көрсетілген әрбір

радиожилік бойынша жүзеге асырылады.

Егер конкурсқа бір ғана Үміткер қатысуға жіберілген болса, онда радиожилік жөніндегі конкурс өткізілмеген болып танылады.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 2009.05.18. N 69 Бұйрығымен.

19. Радиожиліктің нақты номиналдарын пайдалана отырып телевизиялық және (немесе) радио хабарларын тарату құқығын иелену үшін өткізілген конкурстың жеңімпаздары комиссия мүшелерінің ашық дауыс беруі арқылы а й қ ы н д а л а д ы .

Үздік шығармашылық, техникалық және қаржылық ұсыныстар берген қатысушы конкурстың жеңімпазы деп танылады.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 2009.05.18. N 69 Бұйрығымен.

20. Конкурстың қорытындылары төрағаның және Комиссия мүшелерінің қолы қойылған хаттамамен ресімделеді.

Конкурстың нәтижелері Комиссияның отырысында жеңімпаздарды анықтайтын күні хабарланады және екі жұмыс күнінің ішінде уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылады.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Байланыс және ақпарат министрінің 2010.09.27 N 251 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

2 1 . < * >

Ескерту. 21-тармақ алынып тасталды - ҚР Байланыс және ақпарат министрінің 2010.09.27 N 251 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

4. Конкурсты өткізу тәртібі

Ескерту: 4-бөлім (17-20-тармақтар) алынып тасталды - ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрінің 2005 жылғы 10 қарашадағы N 286 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз).

1 - қ о с ы м ш а

Қазақстан Республикасында жерүсті телерадио хабарларын тарату құқығын алуға конкурс өткізу жөніндегі

Комиссияға

Телевизиялық және (немесе) радио хабарларын тарату құқығын алуға Өтініш

Ескерту. 1-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 2009.05.18. N 69 Бұйрығымен.

- Жалпы мәліметтер:
1. Заңды тұлғаның толық атауы/
жеке тұлғаның аты, жөні, тегі _____
 2. Заңды мекен-жайы: _____
 3. Телефондары мен факстерінің _____
нөмірлері:
 4. **Алынып тасталды**
 5. Хабардың атауы мен тақырыптық _____
бағыты:
 6. Хабар таратудың жоспарланып _____
отырған көлемі:
- Жалпы: _____
Жеке өзінікі, оның ішінде көшіріп _____
алынатын хабарлар:
7. Хабарлардың тілдік көлемі: _____
Мемлекеттік _____
Орыс тілінде _____
өзге де тілдерде _____
 8. Жоспарланған жарнаманың _____
көлемі мен жиілігі:
- Техникалық деректер: _____
9. Конкурстық хабарламаға сәйкес _____
пайдалану үшін жоспарланып _____
отырған жиілік номиналы:
 10. Қолда бар тұрақты студиялық _____
құрал - жабдықтар:
 11. Таратушы станцияның _____
қуаттылығы, ВТ:
 12. Студияның орналасқан жері, _____
бағдарламаларды беру тәсілдері:
 13. Таратушы станцияның _____
орнатылатын жері:
 14. Биіктігі көрсетілген антеннаны _____
орнататын жері, м:

15. Жоспарланып отырған қызмет _____
көрсету аймағы және халықты
бағдарламамен қамту саны:

16. Хабар тарату құқығын алған _____
сәттен бастап кепілді қызмет
көрсету мерзімі:

Қоса беріліп отырған құжаттар: _____

1. _____
2. _____

3. _____

Бірінші басшының/жеке кәсіпкердің қолы

М.О. " ____ " _____ 2002 ж
2002 жылы " ____ " _____ өтініш қарауға алынды. _____

(Комиссияның Жұмысшы органының жауапты қызметкерінің қолы
аты-жөні, тегі)

2-қосымша

**Ескерту. 2-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Мәдениет және ақпарат
министрінің 2009.05.18. N 69 Бұйрығымен.**

Үміткер телерадио хабарларын тарату саласындағы қызметіндегі өз
ұсынысының тиімді екенін көрсетуі керек. Сонымен бірге конкурстық ұсыныс
келесі бөлімдерден тұруы керек:

Шығармашылық ұсыныстар

Үміткер ұсынуға тиіс:

- теледидар және радио хабарларын тарату бағдарламаларының
тұжырымдамасы және жоспарланған кестесін;

- төмендегідей мәліметтері бар ақпаратты;

1) эфирге беруге жоспарланып отырған теле- және радио хабарлардың
тақырыптық бағыты және олардың жанрлық арақатынасын (ақпараттық, талдау,
публицистикалық, жастар және балалар, музыкалық хабарлары және көркем,
деректі фильмдер);

2) хабар таратудың тілдік арақатынасы, мемлекеттік тілдегі хабарларды
трансляциялаудың жоспарлы уақыты;

3) өз бағдарламалары мен ретрансляцияның арақатынасы;

4) жоспарланып отырған ретрансляциялық бағдарламаның атауы және
ретрансляция туралы келісім-шартқа отырудың кепілдіктері;

5) авторлық және сабақтас құқықтар заңдылығын сақтау кепілдігі;

6) кадрлық әлеует (шығармашылық, техникалық құрамы).

Техникалық ұсыныстар

Үміткер ұсынуға тиіс:

- телерадио бағдарламаларды өндіруге жоспарланып отырған тұрақты студиялық құрал-жабдықтардың жай-күйі және мүмкіндігі туралы ақпаратты;
- эфирге дыбысы мен бейнесінің сапасы жоғары телерадиобағдарламаларды беру жөніндегі міндеттемені;
- студиялық кешеннің орналасқан жері, таратқышқа және антеннаға дейін бағдарламаны жеткізудің тәсілі туралы ақпаратты;
- орнатуға жоспарланған жеткізуші құрал-жабдықтардың (таратқыштың түрі, қуаты) толық техникалық сипаттамасын;
- антенна параметрлері (типі, бағытты диаграммалары, күшейту коэффициенті, антеннаның орнатылатын жерінің жоспарлы биіктігі және т.б.);
- барлық қажетті мәліметтерді көрсетіп жеткізуші станцияның анкетасын (географиялық координаттары және басқалар);
- теледидар және радио бағдарламалар жететін аумақтардың шекаралары белгіленген картаның көшірмесін;
- халықты теледидар және радио бағдарламалармен қамту жөніндегі мәліметтерді (сандық және/немесе проценттік арақатынасы);
- жеткізуші қондырғылардан болатын электромагниттік өрістердің әсерінен халықты қорғау нормаларын және санитарлық ережелерді орындау жөніндегі міндеттерді;
- табиғаттың төтенше жағдайлар немесе техногендік сипаттағы жағдайлар кезінде халықты құлақтандыруды ұйымдастырудың схемасы және орындалуына кепілдік беру.

Үміткер теледидар немесе радио хабарлары бағдарламаларын трансляциялау бойынша қызмет көрсету мерзімін көрсету қажет.

Қаржылық ұсыныстар

- қаржылық менеджмент және қаржыландырудың мүмкін көздері;
- жерүсті телерадио хабарларын тарату құқығын алу үшін жарнаны уақытында төлеу жөніндегі міндеттеме;
- техникалық қызмет көрсету, штатты ұстау және басқа да капитал салуды іске қосудағы жалпы шығындарды көрсету.

Үміткер өзінің ойынша Комиссия конкурстық ұсыныстарды барынша әділ бағалауға мүмкіндік береді деген конкурстың мәніне сай келетін мәліметтерден тұратын қосымша құжаттарды бере алады.